**Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

**Сайотес Ауылы** **2025 жылғы 20 наурыз уақыты сағат 14:00**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Сайотес ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«Атмосфераға ластаушы заттардың РШН жобасына түзету және экологиялық бағалау материалдарымен ӨЭББ, ҚББ; ҚОҚІЖ және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері».**

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **ҚР ЭГТРМ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: ***Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайотес ауылы, географиялық координаттары N45 08 52 E54 47 26***

*(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: ***Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайотес ауылы***

*(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік–аумақтық бірліктердің тізбесі).*

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері***: «Тепке» ЖШС, БСН 071140024759, Ақтау қ., 12 ш/а, 79/1 ғимарат, 203 кеңсе, тел.: 87013581112***

*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: ***«Рекорд Консалт» ЖШС БСН:100740003476 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Маресьева к., 38 үй, 2 қабат, 7кеңсе. E-mail: too_record_konsalt@mail.ru Тел: +7 7014848005,***

*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)*

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): 2025 жылғы 20 наурыз сағат 14:00-де ***Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайотес ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты өткізілді.*** Карантинге байланысты бейне-конференция байланыс нысанында тыңдауларды өткізу:
https://us05web.zoom.us/j/83989433373?pwd=TfREFnn2QESEhlNFQUzSzUb98d9Fja.1
Идентификатор конференции: 839 8943 3373
Код доступа: G6jdQ9

*(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдаудың толық және нақты мекен-жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі)*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:
1) бірыңғай экологиялық порталда, **https://ecoportal.kz;**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau**
*(атауы және ресми интернет–ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)*

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

1. **Газета: ЖаңаӨмір, №4 (10638) 13 ақпан 2025 жыл (қосымшада)**

*(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)*

2. **теле-радио арнаның атауы «Astana TV», 11 ақпан 2025 жыл №013 (қосымшада).**

*(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)*

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Сайотес ауылдық округі әкімінің аппараты ғимараты** мекенжайы бойынша **хабарландыру үшін стенде 1** дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:
**Бірауыздан қабылданған шешіммен қоғамдық тыңдау хатшысы болып – «Рекорд Консалт» ЖШС өкілі Сахтау Самал Махамбетқызы сайланды (хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес" - 8, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 3 )**

Бірауыздан қабылданған шешіммен регламент бекітілді: баяндама – 10 мин., талқылау Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қоя алады және жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылатын регламент – 10 минут.
Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.
**(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" - 8, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 3)**

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
**«Рекорд Консалт» ЖШС өкілі, баяндамашы- Сахтау Самал Махамбетқызы.**
*(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)*

**Жоба бойынша Презентация (10 бетте) және баяндама қосымшада ұсынылды**
*(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)*
Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. **Қосымшада берілген.**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **жоқ**

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлер мен ұсынымдар)*

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Даулова Салтанат Колланатовна

Бас маман

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Қолы ___________ Күні: « 20 » наурыз 2025 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: **«Рекорд Консалт» ЖШС өкілі Сахтау Самал Махамбетқызы**

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Қолы Сахт ___________ Күні: « 20 » наурыз 2025 ж.

**Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| р/с № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| 1 | Департамент экологии МО Жаукеева А: Шығарындылар нормативтерімен қалдықтарды қайта айтасызба? | Баяндамашы: Сахиау С.М.: 2025-2026 жыл - 1789,24885 т/жыл. қалдықтар: 1881,1745т. | алынды |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| 5 | | | |

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына

**Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы**
**20.03.2025 ж. 14:00 «Тепке» ЖШС, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайотес ауылы**

| № п/п | Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның, бастамашының өкілі) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Боранова Д.Б | ТОО Тепке эколог | 8701 358 11 12 | жеке | [signature] |
| 2 | Бердібек Д.А | Ауыл тұрғыны | 8778 123 98 96 | жеке | [signature] |
| 3 | Дауова С.К | Сайотес [illegible] | 87753669584 | жеке | [signature] |
| 4 | Абдиев С.К | Ауыл Экімі | 87022689881 | [illegible] | [signature] |
| 5 | Сапенау С.М. | ТОО „Рекорд Консалт" | 87789166528 | Жеке | Сакип |
| 6 | Сарыбаева Н.Т | ауыл тұрғыны | 87785726380 | жеке | Сарыбаева |
| 7 | Бек Т.Ш | ауыл тұрғыны | 87025889502 | жеке | [signature] |
| 8 | Куанбаева Ж | ауыл тұрғыны | 87714886586 | жеке | [signature] |
| 9 | Кулман С.А. | ауыл тұрғыны | 87786457059 | жеке | [signature] |
| 10 | Базарбай С.С | Уприл | 87781139897 | онлайн | " – " – " |
| 11 | Жаукеева А | Дэмо | 87085130297 | онлайн | " – " – " |
| 12 | | | | | |
| 13 | | | | | |
| 14 | | | | | |
| 15 | | | | | |
| 16 | | | | | |
| 17 | | | | | |

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25021047001, Дата: 11/02/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25021047001, от 10/02/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Корректировка проекта НДВ загрязняющих веществ в атмосферу с материалами экологической оценки ПУО, ПЭК, ППМ с разделами охраны окружающей среды., в предлагаемую Вами 20/03/2025 14:00, Мангистауская область, Мангистауский район, Сайотесский с.о., с.Сайотес(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ТЕПКЕ" (БИН: 071140024759), 8-702-400-4010, z.bessimbayeva@tepke.kz,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25021047001, Дата: 10/02/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории:

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Корректировка проекта НДВ загрязняющих веществ в атмосферу с материалами экологической оценки ПУО, ПЭК, ППМ с разделами охраны окружающей среды.

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Мангистауский район, Сайотесский с.о., с.Сайотес, 20/03/2025 14:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности ( км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Газета "Жана Омир"; Телеканал "Астана TV"

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Доска объявлений зд. дом культуры с.Сайотес

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ТЕПКЕ" (БИН: 071140024759), 8-702-400-4010, z.bessimbayeva@tepke.kz,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

МАҢҒЫСТАУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Жаңа ӨМІР

zhanaomir@bk.ru

№6 (10638)
13 ақпан 2025 жыл

Газет 1941 жылдың 27 желтоқсанынан шыға бастады | www.mangystaumedia.kz | Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



ҚР Президенті әкімшілігінің келісімі бойынша, өңір басшысы Нұрдәулет Қилыбайдың өкімімен Асқар Қаныбеков Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды. Қаныбеков Асқар Сәкенұлы Алматы қаласында дүниеге келген, білімі жоғары. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Экономика» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын салық инспекторы қызметінен бастап, Шымкент қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы, Алматы облыстық мәдениет басқармасының ішкі бақылау қызметінің бас маманы, Алматы облысы Көксу ауданы Еңбекші ауылдық округінің әкімі болды. 2013 - 2018 жылдар аралығында Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлім басшысы, Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылық басқарма басшысының орынбасары болды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің әкімшілік департаменті директордың орынбасары қызметін атқарды. Сонымен қатар, төрт жыл Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысы болды. Осыған дейін Түркістан облысы аппарат басшысының орынбасары қызметін атқарды.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## ЗАМАНАУИ ЖОЛАУШЫЛАР АВТОБУСЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ



**Апта басында алғаш рет «Ақтау-Жаңаөзен-Ақтау» бағытына және Маңғыстау ауданындағы ауылдарды аудан орталығы – Шетпе ауылымен байланыстыратын жаңа, заманауи және комфортабелді автобустар жүре бастады.**

Алғашқы рейс таңғы 09:00-де Ақтаудан жолға шықты. Жаңа бағыттардың ашылу рәсіміне аймақ басшысы арнайы қатысып, 20 автобустың кілтін табыстады. Облыс әкімінің айтуынша, қазіргі таңда Маңғыстау облысы бойынша автобус паркі 90%-ға, ал Ақтау қаласында 100%-ға жаңарған.
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың әл-ауқатын арттыруды басты назарда ұстайды. Соның бірі – қоғамдық көлікпен қамту мәселесі. Бұл бағдарлама Маңғыстау облысында 2020 жылы басталып, бүгін нәтижесін беріп отыр. Өңір тұрғындары Жаңаөзен қаласына және ауданішілік бағыттарда кең әрі жайлы туристік автобустармен қатынай алады. Жол ақысы қолжетімді, қызмет сапасы жоғары автобустар халық игілігі үшін жасалды. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасады, – деді Нұрдәулет Қилыбай.




«Ақтау-Жаңаөзен-Ақтау» бағытында «Yutong» маркалы, 51 орындық, үлкен класты автобустар жолаушыларға барлық қажетті жағдаймен қамтамасыз етілген. Автобустарда санитарлық торап (дәретхана), желдеткіш және жолаушылардың жол бойы жайлы уақыт өткізуі үшін теледидар қарастырылған. 12 ақпаннан бастап 6 автобус күн сайын таңғы 07:00-де Ақтау қаласынан – 31 шағынаудандағы Сары базар жанындағы автотұрақтан, ал Жаңаөзен қаласынан – Жібек жолы базары аумағындағы «Өзен» сауда үйінің алдынан жолға шығады. Жол жүру ақысы ересектер үшін – 750 теңге, 7-18 жас аралығындағы балалар үшін – 375 теңге. Ал Маңғыстау ауданының орталығы Шетпе ауылын ауылдармен байланыстыратын жолаушылар тасымалы үшін «Yutong» маркалы, 24 орындық, кіші класты жайлы автобустар бөлінді. Енді тұрғындар Шетпе ауылішілік бағытында және Шетпе-Қызан-Ақшымырау, Шетпе-Тұщықұдық-Шебір, Шетпе-Онды, Шетпе-Ұштаған, Шетпе-Шайыр, Шетпе-Жармыш, Шетпе-Сайөтес, Шетпе-Тұщыбек-Жыңғылды бағыттары бойынша қатынай алады. Жолаушыларға барлығы 14 автобус қызмет көрсетеді. Айта кетейік, жаңа автобустар «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның қаржылық қолдауымен алынды.

АУЫЛ-АЙМАҚ

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢГЕРІМДІ ТҰРАҚТАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА СЕКСЕУІЛ ӨСІРУ СӘТТІ ЖАЛҒАСУДА

**Маңғыстау облысында экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жоспарлы жұмыс белсенді жүзеге асуда.**

2004 жылдан бері Сенек ауылында басталған құм тоқтату жұмыстары, кейіннен Ұштаған, Тұщықұдық және Шебір ауылдарында жалғасын тапты. Бұл жобалардың негізгі мақсаты – ауылдарды көшпелі құмнан қорғау, яғни сексеуіл өсіру арқылы экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру, - деп хабарлайды қоғамдық коммуникация орталығы. Деректерге жүгінсек, Ұштаған ауылында 2007, ал Тұщықұдықта 2012 жылдан, сондай-ақ Шебірде 2016 жылдан бері сексеуіл отырғызу жұмыстары жүргізіліп келеді. Нәтижесінде, әр ауылда 2021 жылға дейін жалпы 3329 гектар жасыл белдеу пайда болған - 2022 жылы бұл алқап Маңғыстау облысы әкімінің қаулысымен «Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау» КММ-нің құрамына берілді. 2018 жылы Маңғыстау ауданының Жарма, Сазды және Сауысқан ауылдарында 134 гектар аумақты құм көшкінінен қорғау бойынша 6 жылдық жоба жасақталды. Жобаның бірінші кезеңінде 2022-2024 жылдар аралығында 60,34 гектар аумаққа 203 634 түп сексеуіл мен жүзгін ағаштары отырғызылды. Бұл кезеңнің шығымдылығы 85-90% құрады. Екінші кезеңде 2025-2027 жылдары қалған 73,74 гектар аумаққа 248 887 сексеуіл мен жүзгін ағаштарын отырғызу жоспарланып отыр. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында берген тапсырмалары



негізінде, Бейнеу ауданының Тәжен, Сыңғырлау, Сам, Тұрыш және Ақжігіт, Қарақия ауданының Сенек және Бостан, Маңғыстау ауданының Жармыш және Ақшымырау, Түпқараған ауданының Таушық елді мекендеріндегі қауіпті эолдық процестердің даму қаупін анықтау мақсатында жобалар әзірленді,- деп атап өтті Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасар Хайдар Түлеушов. Жергілікті бюджеттен 72,5 млн. теңге бөлініп, толықтай игерілді. Жоба 2025-2032 жылдар аралығында жүзеге асырылатын болады. Жалпы 10 ауыл бойынша жобаның құны 2 968,0 млн. теңгені құрайды. Қорытындылай кетсек, 2025 жылдан бастап кезең-кезеңімен аталған ауылдардың шөлейттенуіне қарсы сексеуіл өсіру жұмыстары жалғасады. Бұл шаралар экологиялық ахуалды жақсартуға, жердің құнарлылығын арттыруға және ауыл тұрғындарының өмір сапасын көтеруге бағытталған. Маңғыстау облысында жүргізіліп жатқан бұл жұмыстар тек экологияны қорғап қана қоймай, сонымен қатар ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын да жақсартуға ықпал ететін болады.




→ 2




→ 3




→ 4

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ

# ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет....**

**Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, кез келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс»,- деп атап өткені белгілі. Осы орайда еліміздің түпкір-түпкірінен Отбасын қолдау орталығы ашылды. Бұл орталық былтыр біздің ауданымызда да өз жұмысын бастады.**

**Қиындыққа тап болған және отбасылық зорлық-зомбылықтың зардабын тартқан әйелдер мен олардың балаларына арналған қолдау орталығының негізгі бағыты – мемлекеттің отбасылық саясатын жүзеге асыру, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсету, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандарға қолдау көрсету. Орталықтың жұмысы туралы мекеме басшы Мұхтар Мүтәллаповқа мақсат пен міндеттері қандай, бұл мекеменің атқаратын қызметін халыққа толық түсіндіріп өтсеңіз деп хабарласқан болатынбыз.**



– Маңғыстау ауданы әкімдігінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз жұмысын бастады. Басты мақсат - тұрмыстық қиындыққа тап болған әйелдер мен отбасыларға психологиялық, заңгерлік және әлеуметтік қолдау көрсету. Мұнда өмірлік қиын жағдайларды еңсеруге көмек көрсетіп, азаматтарға жаңа мүмкіндіктер ұсынатын, өмірдегі қиын жағдайды еңсеру үшін жан жақты қолдау көрсететін мамандар жұмыс істейді.

Сондай-ақ, отбасы институтын жанжақты қолдау және нығайту, азаматтардың жекелеген санаттарына кешенді қызметтер көрсету, отбасы институтын нығайту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Аты айтып тұрғандай отбасыларға, қиындыққа тап болған азаматтарға қолдау көрсетуден өзге коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінде мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында немесе басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле уәкілетті органмен, прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

**Сонымен қатар, орталықтың көмегіне жүгінген адамдарға:**

1) мемлекеттік отбасы саясатының шараларын, оның ішінде некені және отбасыны сақтау, отбасылық жанжалдарды шешу жөніндегі шараларды іске асыру;

2) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қолдауымен, оның ішінде интеграцияланған модель арқылы қолдаумен қамтуы жөніндегі жұмысты үйлестіру;

3) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) әлеуметтік, заңдық және психологиялық қолдау көрсетуге жәрдемдесу;

4) тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға бір айға дейінгі мерзімге уақытша тұру мүмкіндігін беру арқылы қолдау көрсету;

5) мемлекеттік отбасы саясатының бағыттары мен шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы;

6) жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен, волонтерлермен, консультативтік-кеңесші органдармен мемлекеттік отбасы саясатын іске асыру, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7) мемлекеттік отбасы саясатының үрдістерін мониторингілеу және талдау;

8) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның үйлестіруімен, өз құзыреті шегінде білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары қатысқан кезде өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобильдік топтардың жұмысын ұйымдастыру;

9) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша өзге де шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асыру жұмыстары жүргізіледі.

Айта кетейік, орталық отбасы институтын қолдау мақсатында, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік кеңестер беріп, 6 бағыт бойынша әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-еңбек, ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсететін болады»,- дейді М.Мүтәллапов.

**Әр адам үшін отбасы ең басты байлығы, баға жетпес қазынасы саналады. Әр отбасы кішігірім мемлекет. Оның өзіндік қалыптасқан ережелері, ішкі ұстанымы мен құндылықтары бар. Қазіргі уақытта осы құндылықтарды дамыту, отбасын берік ұстауға үгіттеу және отбасыда сыйластық, түсіністіктің қалыптасуына баса мән беру маңызды саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отбасылық құндылықтарды берік етуге насихаттап, әр жанұяда татулық, өзара құрмет болуын, дәстүр мен тарихқа үңілу керектігін айтқан болатын. Ендеше, Отанның бастауы болған отбасыңыздың ынтымағы берік болсын!**

**Айгүл РАХМЕТОВА.**

ӨШПЕС МҰРА

# Қаратоқа Әбілғазы батыр Итенұлы

**Қаратоқа Әбілғазы батыр Итенұлына байланысты туған жылдарын сұраған екен. Кезінде өз тұсында Маңғыстауға сырттан келген жауларға қарсы соғыстардың кай- қайсысынан да, Әбілғазы батыр сырт қалмаған.**

Сол кездегі шаруалары жау қайтару болатын, «Адайдың алпыс батыр аламандары» қатарынан берік орын алған, жау шапқанда "Әбілғазы батыр қайда, қай жерде жүр?" деп іздеген, хабар тиген бойда қайдан болса да ұрыс болып жатқан жерге жеткен, тіпті, Көкжар жәрмеңкесінде тәртіп сақтаған болып жүрген орыс әскерлерін сабап, тобымен орыс жазалаушы отрядына шалдырмай кететін жағдайлары да, орыс жорналдарына шыққан.

Каспий теңізінде де Адай балықшыларына күн бермеген орыс қарашекпен балықшыларын тәртіпке келтіріп, орыс офицер, шенділерін ұрлап, Хиуаға құлдыққа сатып жіберіп, ал, орыстардың қайта төуелді болып, сол офицерлерін кері қайтаруын сұрап, қаржы бергендерін, кері әкеліп орыстардың өздеріне сатқан екен. Осының әсерінен өзінің екінші баласы Жақыпты, орыстар Форттың түрмесінде аманатқа да ұстаған. Кейін Жақып сол түрмеде өлген. Ал, басы 1835 жылы басталып, 1843 жылы «Мұз қырғыны» аталатын, Әлімнің Кетелерімен болатын ұрыс, одан кейінгі ұзын- ырғасы 17 жылға созылып, 1852 жылы бұл жолы Әлімдермен, Арал теңізінен бергі Аяққұм- Көгалада болатын ұрыс, Балықшы Балуанияз батыр Мүсірепұлы (1818- 1855 ж.ж.) өлетін, Хиуа хандығы әскерімен болатын ұрыс, одан да кейінгі Кенже Қазбек, Төкештер мен түрікпендердің жекпе жегінде, Адайдың ту ұсташысы болатын ұрыстардағы көптеген жағдайлар әлі толық жазылмай жатыр. Әзірге Әбілғазы батырдың туған жылдары туралы дәл анықтама табылған жоқ. Мен Әбілғазы батыр Итенұлын 1805 -1810 жылдардың маңында өмірге келген деп жазып жүргенім бар. Ол 1870 жылғы Иса- Досан көтерілісіне, жасы ұлғайған соң қатыспай, Қаратоқа руынан Өтеміс батырға қару-жарақтарын тапсырып, оның өзін жіберген деп айтылады. Соған қарағанда 1870 жылдары тірі болуы керек. Жерленген жері Құлсарының маңындағы, Жаңа таң (бұрынғы Коммунизм таңы) жолының бойындағы 20 шақырымнан, солға қарай бұрылғанда 3 шақырымдай жердегі төбенің басы, Жем өзені бойына жақын, Қарағай- Молхат деген жерде, жаз жайлауда отырғанда қайтыс болған. Нұрлан архивтерді де көп ақтаратын жігіт, бұрын да Әбілғазы батыр 1805-1810 жылдардан бұрынырақ туған деп жүретін. 1799 жылмен арасы көп емес, 6-11 жылдың маңы. Мүмкін, ол бір жерден көрген болмаса. Кейде туған жыл біреулердің айтуы бойынша немесе құрдасы бәленше едіден де шығып, кейде келіндерінің сәлем еткенінен де жасы үлкен- кішілігі анықталатын болады. Мысалы, Жаманадай Нұрым Шыршығұлұлының туған жылы, Кеще жары Мұрын жыраудың айтуы бойынша, «Ол менен 29 жас үлкен еді» дегеннен шығарған. Мұрын жырау Сеңгірбекұлының туған жылын, ол кезде 1860- жылғы деп есептеп, Нұрымды 1831 жылы туған деп шығарған. Ол бұрынғы кітаптарға Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908 ж.ж.) деп еніп кеткен. Кейін Мұрын жырау Сеңгірбекұлының өмір сүрген кезі (1859- 1954 ж.ж.) жылдар екені анықталды. Олай болса Жаманадай Нұрым ақын Шыршығұлұлы (1830-1907 ж.ж.) болуы керек. Жалпы, Адай батыр, би, балуан,бағлан, бай-мырзаларының барлығының да туған, қайтыс болған жылдарын қайта анықтап, ревизиялау керек. Бұрынғы шежірешілер есепке жүйрік болмады ма, көп қателескен. Ұрыс, дау, оқиға болған жылдар да әртүрлі айтылады. Мысалы, Бекет ата Мырзағұлұлының да туған жылы, 1750 жылдан біраз ілгері сияқты. Бұл туралы Нұрлан Құлбаев екеуміздің жобаларымыз қатарға жақын. Бұрынғылар 1953 жылы Маңғыстауға келген орыс топографы П.Алексеевтің жазғаны бойынша жобалап шығарған. Сол кездегі Алексеевтің «Бекет ата қашан қайтыс болды?» деп, сұрағанында, жауап берген біреу, ол бұдан 40 жылдай бұрын қайтыс болды деген екен. Ол анық 40 жыл ма, 47 жыл ма, ол да долбар. Сол 1750 жылға Мұхамбет пайғамбардың 63 жасын қосып, Бекет атаны 1813 жылы қайтыс болған деп жүр. Ескелді Саназар, Жаңай Қожаназар, Айтқұл Атағозы батырды Жем бойына алғаш келгендер тобындағы Жары Шотанмен құрдас қылып, барлық шежіре, кітаптарда 1704- ші жылғы деп жүр. Ал, Қожаназар Кенже Қонаймен қатар, құрдас, замандас, дос делінеді. Қонай батыр жазбаларда әзірге 1731- ші жылы. Олай болса Қожаназар да сол деңгейде болуы керек. Қазақ тарихында Байбақты Сырым батыр Датұлын 1712 жылғы деп, барлық кітап, оқулық, әңгімелерге енгізіп жүр. Сол Сырым батырдың көтерілісі тарихта 1783-1797 жылдары ұйымдастырылған. Оған нансақ ол кезде Сырым көтерілісті 71-85 жасында басқарған болып шығады. Ол ешқандай да мүмкін емес жағдай. Батырлар 45-50- ден кейін жауға шаппаған. Балтабай Адамбаев Сырым жөнінде кітап жазғанда, Малайсары би жасың 70- ке жетпесін деп, бата беріпті деп, 10 жылға жаңылысқан. Ал, дұрысы, Малайсары би «Жасың алпысқа жетпесін» деп, бата берген. Ол: «Арқаң қара нардай жауыр болсын, Мінезің қара жердей ауыр болсын, Өкпең жоқ, бауыр болсын. Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін, Құлағыңнан сыбыр кетпесін, Жасың алпысқа жетпесін!»,- деп айтылады. Себебі, Сырымның менің жасымды неге шектеп отырсың дегеніне, оған Малайсары би, «Мен сенің жасыңды шектеп не қыламын, бірақ, 60- қа келіп қартайғанда, сенің сөзіңді өз балаң мен келінің де тыңдамайды екен» деп айтатыны бар. Сол қасиетті адамның әзілдеп болса да, берген батасына сай, Сырымның жасы 60-қа жетпей, 59 жасында, Хиуа ханының тапсырмасы бойынша, Үргеніш қаласының маңында, үзеңгісіне у жағылып, содан аяғы күп болып ісіп, өлген. Байбақты руы жарлы ел, «Екі Байбақтының біреуін жарлылықта көресің . . .» деген сөз бар. 1801 жылы Сырым батыр өмірден өтіп, 1802- ші жылы Байбақтылар Сырымның бір жылдық садақасында асын бере алмаған. Содан, келесі 1803 жылы Қарақұмда нағашым еді деп, Жаңай Қожаназардың баласы Шомақ бастап асын берген. Сонда, Шомақ тек сойысқа деп, 100 жылқы, 1000 қой берген, қалған Адайдың бергендері өз алдына. Бұл туралы бұрын да жазып жүрмін. Бұл жерде де Адай шалдарының жаңылысқан сөздері болды. Негізі, Шомақ Байбақты Шоланның да, оның баласы Даттың да кемпір қызын алған емес, Сырым батырдың қызын алған, күйеуі. Бұл туралы Жаңайларға да жаздым. Ал, 1783-1997 жылдары болатын Сырым көтерілісіне, шалдар 1704 жылы туды деп жүрген, Айтқұл Атағозы батырдың қолды 79-93 жасында бастап баруы тіпті де мүмкін емес. Айтқұл Атағозы батыр мен Байбақты Сырым батыр екеуі қатар, тұстас, замандас, дос, құрдас деуге келеді. Екеуі де 1742 жылғы. Қазір қазақ тарихшылары да Сырым батырдың туған жылын 1742 жыл деп, толық болмағанмен басшылыққа алып, оның 250 жылдығын тойлады. Ал, Қосайлар Атағозы 1704 жылы туған деп басшылыққа алып, биыл күзде оның 320 жылдығын тойлады. Оларға не дерсің?! Ия, айта берсе Адай, қазақ тарих, шежіресінде ойланып, түзететін жерлер көп. Тек оны қолдап, дәлелдеп, іске асыратын, біріккен Адай, болмаса Маңғыстау тобы жоқ. Ия, айта берсе түзететін сөз көп, жыл уақыты көп.

**Сегізбай ӘНЕС,**
**Шетпе ауылы.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тепке» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды: Атмосфераға ластаушы заттардың РШН жобасына түзетужәне экологиялық бағалау материалдарымен ӨЭББ, ҚББ; ҚОҚІЖ және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°08'52", 54°47'26".

Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылғы 20 наурызда сағат 14:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайөтес, мәдениет үйінде өтеді.

Платформа ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/83989433373?pwd=TfREFnn2QESEhlNFQUzSzUb98d9Fja.1

Конференция идентификаторы: 839 8943 3373

Кіру коды: G6jdQ9

Тұтынушы: «Тепке» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. тел: 8-702-400-40-10. БСН 071140024759

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Маресева, 38. бөл. 7, тел: 87014848005. БСН 100740003476

Құжаттама https://ecoportal.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар https://ecoportal.kz, және электр ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz. сайтында қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тепке» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Корректировка проекта НДВ загрязняющих веществ в атмосферу с материалами экологической оценки ПУО, ПЭК, ППМ с разделами охраны окружающей среды.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45°08'52", 54°47'26".

Слушания состоятся: 20 марта 2025 года в 14:00 часов

Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры

ПлатформаZOOM:
https://us05web.zoom.us/j/83989433373?pwd=TfREFnn2QESEhlNFQUzSzUb98d9Fja.1

Идентификатор конференции: 839 8943 3373

Код доступа:G6jdQ9

Заказчик:ТОО «Тепке», г. Актау, мкр. 12, зд. 79/1, офис 203. Тел. 8-702-400-40-10. БИН 071140024759.

Разработчик:ТОО «Рекорд Консалт», Актөбе қ. Маресева, 38, бел.7, тел: 87014848005. БИН 100740003476

Документация размещена на портале https://ecoportal.kzи интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы:

too_ record_konsalt@mail.ru,87014848005.

Замечания и предложения принимаются на https://ecoportal.kz, и электр адрес МИО

s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

№67

БІЛІМ

# ОҚУШЫНЫ ЗЕРТТЕУШІЛІККЕ БАУЛУ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАН БАСТАЛУЫ ТИІС

**Абай Құнанбаевтың жетінші қара сөзіндегі жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады.**

Біріншісі-ішсем, жесем,ұйықтасам деп тұрады.

Екіншісі – көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, ол неге өйтеді?бұл неге бүйтеді?деп көз көрген, құлақ естігеннің бәрінен сұрап, тыныштық көрмейді, - деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушының ізденушілік, зерттеушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс.

Өйткені бастауыш сынып оқушысы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Зерттеуші –оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс,өзінше эксперимент жүргізуге баланың балалағымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздену белсенділігі баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеті қазіргі мектеп бағдарламаларында маңызды рөлге ие. Мұның себебі зерттеушілік іс-әрекетті бала қабілетін ашу, үйлесімді тұлға етіп тәрбилеу мен дамытудың мықты құралы деп тануда деп білеміз. Зерттеушілік іс-әрекет алдын ала шешімі белгісіз және ғылым саласындағы зерттеулерге тән мәселені қою, тақырыпты теориялық зерттеу, зерттеу әдістерін талдау, практикада жүзеге асыру , өз бетінше ақпарат шығармашылық, зерттеушілік міндетті шешумен байланысты іс-әрекет. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өз үшін жаңа білім ашады. 1999 жылдан бастап, оқушылардың зерттеушілік, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күнде бұл әдістеме оқытудың құзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие.

**Нұрбану ҚОЙБАҒАРОВА,**
**Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі.**

ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

# ТАРИХТАҒЫ МӘҢГІЛІК ЕРЛІК



**Әр адам өзінің елі мен жерін, Отанын мақтанышпен айтады.**

Қазіргі қазақ жерінде тұрып жатқан әр азамат ең бақытты жандардың қатарында. Биыл әлем тарихындағы ең сұрапыл соғыстың аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Бұл кезеңде тек жеңістің салтанаты ретінде атап өту ғана емес, сонымен қатар сол кездегі адамдардың ауыртпалығын түсініп, елдің бейбіт өмірге қалай жеткенін бағалау керек.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қаншама жан құрбан болып, түрлі ауыртпалықтарға төтеп берді. Көптеген отбасылар аға-іні, бауырларынан, әкелерінен айырылды. Жас қыздар мен әйелдер әкесіз, ағасыз, асыраушысыз қалды. Біз аңсаған бейбітшіліктің қаншалықты қиындықпен келгенін қастерлеуіміз керек. Бұл соғыс халқымызға бейбітшілік пен тұрақтылықтың маңызды екенін айқын көрсетті. Жеңістің құны қаншалықты қымбат болса, бейбіт өмірдің қадірі соншалықты үлкен.

Болашақ ұрпақ, жастарымыз осы тарихты құрметтеп, өткенді ұмытпай, соғыстың зардаптарын ұғынып, бейбіт өмірдің маңызын түсіну қажет. Олардың бұл құндылықтарды өз жүректерінде сақтап, оларды болашақ ұрпаққа жеткізуі маңызды. Өйткені, тарихты ұмытпау, одан сабақ алу – болашақ үшін ең үлкен игілік.

Жеңістің 80 жылдығын атап өту – бұл тек еске алу емес, соғыс кезінде қайтқан аталарымыз бен аналарымыздың рухына тағзым ету. Олардың ерліктерін ұлықтап, олардың үлгісінен тағылым алу – біздің парызымыз. Соғыстың зардаптарын түсіну арқылы, бейбіт өмірді сақтау жолында жұмыс істеп келешекке сеніммен қарай аламыз. Тек осылай ғана біз өз тарихымызды қадірлеп, болашақ ұрпаққа бейбітшілік пен тұрақтылықтың құндылығын жеткізе аламыз.




**Жаңылхан ОРЫСБАЕВА,**
**Өтес жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі.**

АДАМ. ҚОҒАМ.ЗАҢ.

**Қылмыстық іс бойынша жәбірленуші болып танылған адамның өтемақы алуға құқығы бар екенін бірі – білсе, бірі – біле бермейді.**

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕГІ ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ӨТЕМАҚЫ АЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАРЫН БІЛЕСІЗ БЕ?



ҚР-ның 10.01.2018 жылғы «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) аясында 01.07.2020 жылдан бастап жәбірленушілерге өтемақы төлеу рәсімі басталды.

Жәбірленушілерге өтемақы қоры – салықтық емес түсімдер, яғни сот өндіріп алатын мәжбүрлі төлемдер; өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген және түзеу жұмыстары түрінде жаза тағайындалған сотталған адамнан ақшалай өндіріп алулар және регрестік талаптар тәртібімен өндіріп алынған ақша және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздері арқылы қалыптастырылады.

Осы Заңның 6-бабына сәйкес зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер болып табылатын кәмелетке толмағандарға, адам саудасымен және азаптаулармен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер деп танылған адамдарға, денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырған адамдарға, жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушінің құқықтары берілген (жәбірленушінің заңды өкіліне) адамдарға өтемақы тағайындалады.

Одан басқа, ҚК-тің 106, 114-бабы 3-бөлігінде, 118-бабы 2,3-бөліктерінде, сондай-ақ 116, 119, 120, 121, 125, 126, 127, 128, 135, 141, 146, 192, 202, 203, 255, 261, 269, 270, 277, 317, 319, 320, 322, 344, 345, 345-1, 346, 350, 351, 352, 355, 356, 358, 359-баптарында көзделген қылмыстық істердің денсаулыққа ауыр зиян келтіру бөлігінде жәбірленуші болып танылған адамдарға тағайындалады.

Ал, жоғарыда атап көрсетілген жәбірленушілерге төлемақы айлық есептік көрсеткіштің 30-дан 50-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Сондай-ақ, адам жәбірленуші деп танылғаннан кейін ол қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органға өзіне өтемақы тағайындау туралы өтініш жасауға құқылы.

Өтемақы тағайындау мынадай құжаттар негізінде жүргізіледі:

1) жәбірленушінің немесе жәбірленуші құқықтары берілген адамның өтініші;

2) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттың не өтемақы алуға жәбірленуші құқықтары берілген адамның жеке басын және құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) жәбірленушінің немесе жәбірленуші құқықтары берілген адамның банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі туралы мәліметтер;

4) қылмыстық процесті жүргізетін органның адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулысының көшірмесі;

5) жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, оның қайтыс болуы туралы куәліктің немесе жәбірленушінің қайтыс болғанын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі.

Айта кететіні, адам жәбірленуші деп танылған күннен бастап үш жылдың ішінде өтініш бере алады.

Өтініш беру мерзімін өткізіп алған жағдайда, жәбірленуші не жәбірленушінің құқықтары берілген адам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Сол себептен, әркім өз құқығын қорғай білуі тиіс.

Бұл заң талаптарын халық назарына алдағы уақытта өз қажеттілігіне жаратар деген мақсатта түсіндірме ретінде жеткіземіз.

**Г.БЕРІШБАЕВА,**
**прокурор.**

ДІН - ДІҢГЕК

# РАМАЗАН АЙЫ – БЕРЕКЕ МЕН РАҚЫМ АЙЫ

**Бұл — ислам әлеміндегі ең қасиетті және рухани мәні зор ай, мұсылмандар Ораза тұтып, Алланың рақымы мен кешірімін сұрайды, жан дүниесін тазартуға тырысады. Құран Кәрімде Алла Тағала мүміндерге ораза тұту жайында былай дейді:**

«Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды. Әрине, сақтанарсыңдар». (Бақара сүресі, 183-аят)

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір сөзінде: «Кім Рамазан айының оразасын шын иман және ықыласпен ұстаса, оның бұрын істеген күнәлары кешіріледі» Рамазан айының артықшылықтары тек діни ғана емес, адамгершілік, әлеуметтік және денсаулық тұрғысынан да үлкен маңызға ие.

1. Алланың рақымына бөлену Рамазан айы — мұсылман үмбетінің жаратушысына жақындап, оның кеңшілігін сұрайтын ай. Бұл айда Алланың рахметі мен кешірімі ерекше көп болады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өзінің бір хадисінде үмметін былай деп сүйіншілейді: «Кімде-кім Рамазан айында шынайы сеніммен, сауапты бір Алладан ғана күтіп, ораза ұстаса, бұрын-соңды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі»

2. Оразаның рухани маңызы Ораза ұстау тек физикалық тұрғыдан шектеу емес, ол адамды рухани тұрғыда да тазартады. Рамазан айында мұсылмандар



күні бойы ішіп-жеуден, жаман сөздерден, жаман ойлардан, тіпті жаман әрекеттерден де аулақ болады. Бұл ораза ұстаушыны сабырлылыққа, ұстамдылыққа, өз-өзіне бақылау жасауға үйретеді. Осылайша, адам өз жаман әдеттерінен арыла отырып, өзін рухани жағынан жаңартады.

3. Кедейлерге көмек көрсету Рамазан айы – мұқтаждарға көмек қолын созу үшін де тамаша уақыт. Мұсылмандар осы айда зекет беріп, садақа жасайды. Кедейлер мен жетімдерге көмектесу, оларды құшақ жая қарсы алу – мұсылмандықтың басты қағидаларының бірі. Рамазан айы осы тұрғыдан әлеуметтік бірлік пен ынтымақтастықты нығайтады. Бұл айда көпшілік жиналып, бірігіп ауыз ашып, ортақ дастарқан басында бірге отырады.

4. Оразаның денсаулыққа да көптеген пайдасы бар. Күні бойы ішіп-жеуден бас тарту организмді тазартуға, ас қорыту жүйесін демалтуға, артық салмақтан арылуға көмектеседі. Сонымен қатар, ораза ұстау адамның физикалық күшін арттырады, себебі ол жан мен тәннің үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бірақ ораза ұстағанда дұрыс тамақтану, су ішу режимін сақтау өте маңызды.

5. Қоғамдық және отбасылық байланыстар Рамазан айы отбасы мен қоғамдағы қарым-қатынастарды нығайтуға да ықпал етеді. Ораза кезінде көпшілік бір-бірімен ауыз ашып, дастарқанда бірге болуды дәстүрге айналдырады. Бұл өз кезегінде адамдар арасындағы махаббат, сыйластық пен түсіністікті нығайтады. Рамазан айы отбасылар үшін бірге уақыт өткізуге мүмкіндік береді.

6. Таңсәріде ояну және рухани тәртіп Рамазан айы мұсылмандарды таңсәріде оянып, ауыз бекітуге және күн батқанда ауыз ашуға тәрбиелейді. Бұл әдет адамды тәртіпке, уақытты тиімді пайдалануға және өмірге жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Рамазан айы – бұл тек ораза ұстап, діни міндеттерді орындау ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік, рухани және әлеуметтік өмірді жаңарту мен жақсартуға арналған ай. Ол мұсылмандарға жүрек тазартуға, жан дүниесін дамытып, Алланың рақымын іздеуге мүмкіндік береді. Рамазан айының артықшылықтары тек жеке тұлға үшін ғана емес, қоғам үшін де зор мәнге ие. Алла баршамызды Рамазан айына төрт көзіміз түгел жетуді нәсіп етсін.

**Дархан ТАУШАНОВ,**
**Шетпе мешітінің бас имамы.**

ӨНЕР



Қазақтың дәстүрлі ән өнері ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға мирас болып, бүгінге дейін өзінің сабақтастығын тауып келе жатыр. Шайыр ауылдық мәдениет үйі қазақ өнерінің өрісін кеңейтіп, өресі мен тұғырын биіктетуге үлес қосып келеді.

# Жас таланттардың жетістігі

Шайыр ауылдық мәдениет үйі жанынан жұмыс жасайтын «Шабыт» дәстүрлі әншілер ансамблінің құрамындағы өнерлі оқушылар аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі байқаулардан жүлделі орын алып, ауыл мәдениетінің қоржынына олжа салып жүр. Жуырда өткен «Дарабоз» республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауында «Дәстүрі ән» жанры бойынша Дәуіт Бейбарыс бас жүлдені қанжығасына байласа, Амантай Санжар 2-орынды иеленді. Сондай-ақ «Шайыр шабыты» ұлдар ансамблі «Алғыс хатпен» марапатталды. Өнерлі өрендеріміз Алматы қаласында өтетін суперфиналға және Парижге жолдама ұтып алды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

# ЕРЛІК ДӘСТҮРІН ЖАҢҒЫРТҚАН ШАБАНДОЗДАР

**Тарихы ғасырлар бойы қалыптасып, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүріне терең еніп, ересектердің күшін, батылдығын және шеберлігін сынайтын қазақтың ұлттық ат спорт түрі көкпардан аудан әкімдігінің қолдауымен, мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен облыстық жаппай көкпар жарысы өтті.**



Ұлттық спортты насихаттау мен дамыту мақсатында тартысты бәсекеге облыстың әр қаласы мен ауданынан 60- қа жуық көкпаршы қатысы. Қатысушылар ересектер мен жасөспірімдер болып екі топқа бөлініп, аланда шеберлік пен ерік-жігерін байқатып, жоғары деңгейдегі дайындықтарын көрсетті.

Қазақтың ерлік пен батырлықты бейнелейтін ұлттық спорт түрін меңгерген қатысушылар арасынан топ жарып ересектер арасынан 6 салым салған Маңғыстау ауданының Тұщықұдық ауылынан келген Жасұлан Қуанышұлы үздік нәтежие көрсетіп, салымшылар арасында бірінші орынға ие болды. Ал жасөспірімдер арасындағы тартыста Мұнайлы ауданынан келген Жандаулет Әшімхан 7 салыммен «үздік салымшы» атанды.

Жарысқа қатысқан әрбір көкпаршы өз өнері мен дағдыларын ұлттық спорттың өркендеуіне қосқан үлес ретінде қабылдады. Аландағы тартысты әрі қызықты сәттер көрерменге ерекше әсер қалдырып, көкпардың орны мен маңызын айқындап берді. Ұлттық спорт түрін дамыту мен оны кеңінен таныту мақсатында ұйымдастырылған осындай іс-шаралар келешекте де көптеп өткізіліп, жас ұрпақтың ұлттық мұрамызға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

**Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.**

ПАТРИОТ БОЛУ – ПАРЫЗЫҢ

# ОТАНСЫЗ АДАМ – ОРМАНСЫЗ БҰЛБҰЛ

## алғашқы әскери дайындық кабинеті ашылды

**Аудан жұртшылығына Есенамановтар әулеті кеңінен танымал. Қызылғұл ата заң саласының құрметті ардагері, марқұм есімі жұртшылыққа етене таныс. Ол саналы ғұмырын тәртіп пен заң саласына арнап, өлкеге қатысты тың деректерді ашып, жариялады.**



Жергілікті ішкі істер бөлімінде басшылық етіп, артынан ізбасар буын тәрбиеледі. Осындай ерен еңбегінің арқасында өлкеге танымал құқық саласының майталман маман иесі бола білді. Қызылғұл Есенаманов 1919 жылы Маңғыстау ауданы Ұланақ жерінде дүниеге келген. Соғыс және еңбек ардагері.

1932 – 35 жылдары «Ұланақ» серіктестігінде жұмысшы, 1946 – 77 жылдары Маңғыстау ауданы 2-бөлімінде қызметкер, 1977 – 89 жылы Шетпе ауылдық кеңесінде жүргізуші болды. Қызыл жұлдыз 1943 жылы 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Өмірінің соңына дейін 30 жыл бойы үзбей Маңғыстау аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет атқарды.

Осындай ерен еңбек иегеріне өлкеміздегі «Жармыш жалпы білім беретін мектеп» КММ-нен алғашқы әскери даярлық кабинетінің жасақталып, ашылуы ұрпақтарының қолға алған игі істің бастауы еді

Кабинеттің ашылу салтанатында атаның ұрпақтары мен аудандық ішкі істер бөлімінің басшылары, ұйым мүшелері, мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Қызылғұл атаның қалтқысыз қызметтері тұрғысында зейнеткер полиция майоры Әбілханов Тоғай ағай мәнді естеліктер айтты. Мектеп басшысы Абдуллаева Қалдыгүл мен мектеп мұғалімдері өздерінің жүрек жарды тілектерін арнады

Маңғыстау аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Есенаманов Қызылғұлдың аудан үшін жасаған еңбектерін ерекше атап, жиналған қауымға үлгі етті. Өлке тарихынан сыр шертетін кабинеттің ашылу лентасы қиылып, атаның ақ жаулықты келіндері шашу шашты. Мектеп оқушылары жаңадан жабдықталған әсем кабинеттің қабырғасына орнатылған тарихи танымдық стенділердімен танысып,сап түзу жаттығуларын орындады.

Шараның ұйымдастырылуына көмек қолын созып жүрген атаның немересі болашақта атқарылатын жұмыстар жайлы айтып өтті. Жиын соңында мақсаты бір жандар бірге естелікке суретке түсті. Ұстаз, ата-ана, оқушы бірлесіп атқаратын жұмыстардың бағыты айқындалды.

**Гүлшат МАНАШЕВА,**
**ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.**

## МҰРАГЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Ауданбаева Г.А. 2022 жылы 20 қарашада қайтыс болған **АБДУЛЛАЕВА ЖИБЕК РАХМАНОВНАНЫҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап 1 ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1 үй, 4 пәтер мекен-жайы бойынша нотариус кеңсесіне хабарласуын сұрайды. Тел:8 702 3039080.

№?

## Құрметті оқырман !

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады.
87781459093. 8(7292)204842.
8(7292)204834. pr@ogni.kz.

МЕНШІК ИЕСІ:
MAŃGYSTAÝ MEDIA
Директор
Гүлмира ӘБІШЕВА
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

Жаңа ӨМІР
аудандық қоғамдық-саяси газет
Редактор –
Айгүл РАХМЕТОВА
Тілші Е.ЖҰМАҒҰЛОВА
Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Беттеуші дизайнер –
Асем РАБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660, 586-392.

Тапсырыс нөмірі: 0162
Таралымы: 378
Индекс: 65612
газет бағасы келісімді

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

| | | |
|---|---|---|
| 13 ақпан | түнде: -7 | күндіз:+1 |
| 14 ақпан | түнде: -3 | күндіз: +1 |
| 15 ақпан | түнде: -3 | күндіз: +2 |
| 16 ақпан | түнде: -1 | күндіз: +7 |
| 17 ақпан | түнде: +1 | күндіз: +9 |


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ
«САЙӨТЕС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
1424
12.02.25
13:30

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тепке» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Корректировка проекта НДВ загрязняющих веществ в атмосферу с материалами экологической оценки ПУО, ПЭК, ППМ с разделами охраны окружающей среды..

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45°08'52", 54°47'26".

**Слушания состоятся:** 20 марта 2025 года в 14:00 часов

**Место проведения:** Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры

Платформа ZOOM:

https://us05web.zoom.us/j/83989433373?pwd=TfREFnn2QESEhlNFQUzSzUb98d9Fja.1

**Идентификатор конференции:** 839 8943 3373

**Код доступа:** G6jdQ9

**Заказчик:** ТОО «Тепке», г. Актау, мкр. 12, зд. 79/1, офис 203. Тел. 8-702-400-40-10. БИН 071140024759.

**Разработчик:** ТОО «Рекорд Консалт», Ақтөбе қ. Маресева, 38, бөл.7, тел: 87014848005. БИН 100740003476

**Документация размещена на портале** https://ecoportal.kz и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/

**Адрес электронной почты** по которой можно запросить материалы:

too_ record_konsalt@mail.ru, 87014848005.

**Замечания и предложения принимаются на** https://ecoportal.kz, и электр. адрес МИО **s.bazarbay@mangystau.gov.kz.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Тепке" ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды: Атмосфераға ластаушы заттардың РШН жобасына түзету және экологиялық бағалау материалдарымен ӨЭББ, ҚББ; ҚОҚІЖ және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°08'52", 54°47'26".

**Тыңдаулар** 2025 жылғы 20 наурызда сағат 14:00-де өтеді.

**Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайотес, Мәдениет үйі

Платформа ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/83989433373?pwd=TfREFnn2QESEhlNFQUzSzUb98d9Fja.1

**Конференция идентификаторы:** 839 8943 3373

**Кіру коды**: G6jdQ9

**Тұтынушы:** «Тепке» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. тел: 8-702-400-40-10. БСН 071140024759

**Жобаны әзірлеуші**: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Маресева, 38. бөл.7, тел: 87014848005. БСН 100740003476

Құжаттама https://ecoportal.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

**Ескертулер мен ұсыныстар** https://ecoportal.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

11:30:05 12.02.2025 г

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК
ПРОДАКШН СТУДИЯ
«TIADA»
13000 Қазақстан Республикасы, Актау қ.,
2 шағын аудан, «Сұңқар» БО, 405 кеңсе
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
tiada.kz@mail.ru

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
ПРОДАКШН СТУДИЯ
«TIADA»
13000 Республика Казахстан, г Актау,
2 микрорайон, БЦ «Сункар» 405 офис
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
tiada.kz@mail.ru

исх. №013
от 11.02.2025 г

## ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящим, ТОО «Продакшн студия «TIADA» подтверждает, что 11 февраля 2025 года состоится размещение информационного материала на государственном и русском языках в эфире телеканала «ASTANA TV» г. Актау и Мангистауской области в рубрике «БЕГУЩАЯ СРОКА» следующего содержания:

ТОО «Тепке» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Корректировка проекта НДВ загрязняющих веществ в атмосферу с материалами экологической оценки ПУО, ПЭК, ППМ с разделами охраны окружающей среды.
Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45°08’52”, 54°47’26”.
Слушания состоятся: 20 марта 2025 года в 14:00 часов
Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры
Платформа ZOOM:
https://us05web.zoom.us/j/83989433373?pwd=TfREFnn2QESEhlNFQUzSzUb98d9Fja.1
Идентификатор конференции: 839 8943 3373
Код доступа: G6jdQ9
Заказчик: ТОО «Тепке», г. Актау, мкр. 12, зд. 79/1, офис 203. Тел. 8-702-400-40-10. БИН 071140024759.
Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», Ақтөбе қ. Маресева, 38, бөл.7, тел: 87014848005. БИН 100740003476
Документация размещена на портале https://ecoportal.kz и интернет-ресурсе
https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/
Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы:
too_ record_konsalt@mail.ru, 87014848005.
Замечания и предложения принимаются на https://ecoportal.kz, и электр. адрес МИО
s.bazarbay@mangystau.gov.kz
"Тепке" ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды: Атмосфераға ластаушы заттардың РШН жобасына түзету және экологиялық бағалау материалдарымен ӨЭББ, ҚББ; ҚОҚІЖ және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері.
Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°08’52”, 54°47’26”.
Тыңдаулар 2025 жылғы 20 наурызда сағат 14:00-де өтеді.
¬Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайотес, Мәдениет үйі
Платформа ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/83989433373?pwd=TfREFnn2QESEhlNFQUzSzUb98d9Fja.1
Конференция идентификаторы: 839 8943 3373
Кіру коды: G6jdQ9
Тұтынушы: «Тепке» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. тел: 8-702-400-40-10. БСН 071140024759
Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Маресева, 38. бөл.7, тел: 87014848005. БСН 100740003476
Құжаттама https://ecoportal.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005
Ескертулер мен ұсыныстар https://ecoportal.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

Директор ТОО «Продакшн студия «TIADA» Тилеуов Р.К.

**«ТЕПКЕ» ЖШС**



# Атмосфераға ластаушы заттардың РШН жобасына түзету және экологиялық бағалау материалдарымен ӨЭББ, ҚББ; ҚОҚІЖ және Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері

# "Тепке" ЖШС келісімшарттық аумағының орналасу сызбасы



# "Тепке" ЖШС келісімшарттық аумағының орналасу сызбасы



## "Х. Өзбекғалиев кен орнында бүйір оқпанын ойып, оқпан бойынша жобалық тереңдігі 3800 метр (±250м) №Т3-4А ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жобаға» ҚОҚБ

Ұңғыманың құрылысы 2025 жылға жоспарланған, ұңғыма құрылысының «Тепке« ЖШС х.Өзбекғалиев кен орнының жоспар-кестесіне сәйкес,. Ұңғыманы салу циклінің жалпы ұзақтығы-255сут., бұрғылауды, бекітуді және сынауды ескере отырып.

Т3-4А бағалау ұңғымаларын салу жүк көтергіштігі 225 тоннадан кем емес бұрғылау қондырғыларының көмегімен жүзеге асырылады.

Ұңғыманың жобалық тереңдігі-3800м (±250м). Жоба көкжиегі-Юра,Триас

Бір ұңғыманы салу кезінде пайда болатын шығарындылар көздерінің саны 24 бірлікті құрайды, оның ішінде: 9 көз - ұйымдасқан, қалған 15 – ұйымдастырылмаған шығарындылар көздері.

Ұңғыманы салу кезеңінде ластаушы заттар шығарындыларының көлемі – 33,3170225 г/с немесе 111,2758448 т/кезеңді құрайды.

Ұңғыманы салу кезінде ауыз су мен техникалық судың жалпы қажеттілігі 2669,659 м3 / цикл, ауыз су: 460,740 м3/цикл, техникалық су 2208,919 м3/цикл.

Ұңғыманы салу кезінде өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтау лимиттері жылына 336,527 тоннаны құрайды

## 1. Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілетін шығарындылары нормативтерінің жобасының түзетуі

Кәсіпорынның негізгі қызметі - «Тепке» ЖШС келісімшарттық аумағында көмірсутек шикізатын барлау.

Батыс Тепке кен орны (Х.Өзбекғалиев) Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданында орналасқан.

Тепке ЖШС өз қызметін екі келісімшарттық алаңнан (кен орындарынан) тұратын Тепке алаңында жүзеге асырады:

| Кен орнының атауы | Орналасқан жері |
|---|---|
| **Батыс Тепке (Х.Өзбекғалиев)** | Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, |
| **Тепке** | Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы |

"Тепке" ЖШС үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасын түзету мынадай себептер бойынша әзірленеді:

1) Батыс Тепке кен орны (х. Өзбекғалиев) сынамалық пайдалану кезінде шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын түзету арқылы Тепке Батыс (х. Өзбекғалиев);

# Батыс Тепке (Х. Өзбекғалиев) кен орнын технологиялық даму көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | Өлшем бірліктері | Жылдар |
|---|---|---|
| | | 2025-2026 |
| мұнай өндіру | тыс.т. | 46.8 |
| газ өндіру | млн.$м^3$ | 10.8 |
| ұңғымалар қоры | ед. | 6 |

## Батыс Тепке (х. Өзбекғалиев) кен орны Алауында газ жағу

| Жылдар | Кен орны | газ өндіру, млн.$м^3$ | Сынамалық пайдалану кезеңінде газды жағу, млн.$м^3$ ($V_{IV}$) |
|---|---|---|---|
| 2025-2026жж | Тепке Батыс (Х. Өзбекғалиев) | 10,8 | 40,0 |

# Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау жүйесі

Кен орнын сынамалық пайдалану ТЗ-1, ТЗ-2 және ТЗ-4 озыңқы үш ұңғымамен жүзеге асырылады. Сынау жұмысына ТЗ-1, ТЗ-2 ұңғымалары енгізілді. ТЗ-1, ТЗ-2 ұңғымалары Ю-XI көкжиегінде пайдаланылады.

Тепке Западный кен орны (Х. Өзбекғалиев) негізгі өндірістік объектілерді қамтиды:

1) вахталық кент;

2) Мұнай мен газ факторының дебитін өлшеуді орнату (УЗДНиГФ);

3) газ поршенді электр станциясы (ГПЭС);

4) автономды жанармай құю станциялары (МАЗС).

**Батыс Тепке (Х. Өзбекғалиев) кен орнын жайластырудың принципті технологиялық схемасы**



| Жыл | Атмосфераға ЗВ шығарындыларының көздері | | |
|---|---|---|---|
| | барлығы | ұйымдастырылған | ұйымдастырылмаған |
| **2025 г** | 77 | 48 | 29 |
| **2026 г** | 77 | 48 | 29 |

| Жыл | Жалпы шығарындылар | |
|---|---|---|
| | г/с | т/жыл |
| **2025 жыл** | **175,1786245** | **1789,24885** |
| **2026 жыл** | **175,1786245** | **1789,24885** |

**Санитарлық-қорғау аймағы мөлшері Тепке Западный (Х. Өзбекғалиев) - 1000 метр.**

Жобада қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезіндегі іс-шаралар әзірленді, атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының таралуын есептеу жүргізілді, шығарындыларды бақылаудың жоспар-кестесі жасалды, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдердің есебі жүргізілді.

# Батыс Тепке (Х. Өзбекғалиев) кен орны үшін 2025-2026 жылдарға арналған Қалдықтарды басқару бағдарламасы (түзету)

| | |
|---|---|
| **Қалдықтарды жинақтау лимиттері** | **1881,1745 т** |

- Вахталық кентті пайдалану кезінде қалдықтарды жинақтау лимиттері
- Мұнай мен газ факторының дебитін өлшеу қондырғысын пайдалану кезінде қалдықтардың жинақталу лимиттері
- 2025-2026 жылдары көзделіп отырған қызметті іске асыру кезеңіне арналған қалдықтарды жинақтау лимиттері ("ТЗ-1, ТЗ-2, ТЗ-3, ТЗ-4, ТЗ-5 ұңғымаларының алаңдарын электрмен жабдықтау Х. Өзбекғалиев кен орнында)

# Назарларыңызға рахмет!

Баяндама

**1 Слайд**

Қайырлы күн құрметті қоғамдық тындауға қатысушылар, сіздердің назарларынызға **«Атмосфераға ластаушы заттардың Рұқсат етілген шығарындылар нормативі жобасына түзету және экологиялық бағалау материалдарымен- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары және Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері»** тақырыбында баяндама ұсынылады

**2-3 Слайд**

"Тепке" ЖШС келісімшарттық аумағының орналасу сызбасы көрсетілген

**4 Слайд**

**"Х. Өзбекғалиев кен орнында бүйір оқпанын ойып, оқпан бойынша жобалық тереңдігі 3800 метр (±250м) №ТЗ-4А ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жобаға» ҚОҚБ**

Ұңғыманың құрылысы 2025 жылға жоспарланған, ұңғыма құрылысының «Тепке« ЖШС х.Өзбекғалиев кен орнының жоспар-кестесіне сәйкес,. Ұңғыманы салу циклінің жалпы ұзақтығы-255сут., бұрғылауды, бекітуді және сынауды ескере отырып.

ТЗ-4А бағалау ұңғымаларын салу жүк көтергіштігі 225 тоннадан кем емес бұрғылау қондырғыларының көмегімен жүзеге асырылады.

Ұңғыманың жобалық тереңдігі-3800м (±250м). Жоба көкжиегі-Юра,Триас

Бір ұңғыманы салу кезінде пайда болатын шығарындылар көздерінің саны 24 бірлікті құрайды, оның ішінде: 9 көз - ұйымдасқан, қалған 15 – ұйымдастырылмаған шығарындылар көздері.

Ұңғыманы салу кезеңінде ластаушы заттар шығарындыларының көлемі – 33,3170225 г/с немесе 111,2758448 т/кезенді құрайды.

Ұңғыманы салу кезінде ауыз су мен техникалық судың жалпы қажеттілігі 2669,659 м3 / цикл, ауыз су: 460,740 м3/цикл, техникалық су 2208,919 м3/цикл.

Ұңғыманы салу кезінде өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтау лимиттері жылына 336,527 тоннаны құрайды

**5 Слайд**

**Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілетін шығарындылары нормативтерінің жобасының түзетуі**

Кәсіпорынның негізгі қызметі - «Тепке» ЖШС келісімшарттық аумағында көмірсутек шикізатын барлау.

Батыс Тепке кен орны (Х.Өзбекғалиев) Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданында орналасқан.

Тепке ЖШС өз қызметін екі келісімшарттық алаңнан (кен орындарынан) тұратын Тепке алаңында жүзеге асырады:

| **Кен орнының атауы** | **Орналасқан жері** |
|---|---|
| **Батыс Тепке (Х.Өзбекғалиев)** | Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, |
| **Тепке** | Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы |

"Тепке" ЖШС үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасын түзету мынадай себептер бойынша әзірленеді:

1) Батыс Тепке кен орны (х. Өзбекғалиев) сынамалық пайдалану кезінде шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын түзету;

**6 Слайд**

**Батыс Тепке (Х. Өзбекғалиев) кен орнын технологиялық даму көрсеткіштері**

| **Көрсеткіштер** | **Өлшем бірліктері** | **Жылдар** |
|---|---|---|
| | | **2025-2026** |
| **мұнай өндіру** | **тыс.т.** | **46.8** |
| **газ өндіру** | **млн.м³** | **10.8** |
| **ұңғымалар қоры** | **ед.** | **6** |

**Батыс Тепке (х. Өзбекғалиев) кен орны Алауында газ жағу**

| **Жылдар** | **Кен орны** | **газ өндіру, млн.м$^3$** | **Сынамалық пайдалану кезеңінде газды жағу, млн.м$^3$ ($V_{IV}$)** |
|---|---|---|---|
| **2025-2026жж** | **Тепке Батыс (Х. Өзбекғалиев)** | **10,8** | **40,0** |

**7 Слайд**

**Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау жүйесі**

Кен орнын сынамалық пайдалану ТЗ-1, ТЗ-2 және ТЗ-4 озыңқы үш ұңғымамен жүзеге асырылады. Сынау жұмысына ТЗ-1, ТЗ-2 ұңғымалары енгізілді. ТЗ-1, ТЗ-2 ұңғымалары Ю-XI көкжиегінде пайдаланылады.

Тепке Западный кен орны (Х. Өзбекғалиев) негізгі өндірістік объектілерді қамтиды:

1) вахталық кент;

2) Мұнай мен газ факторының дебитін өлшеуді орнату (УЗДНиГФ);

3) газ поршенді электр станциясы (ГПЭС);

4) автономды жанармай құю станциялары (МАЗС).

**Батыс Тепке (Х. Өзбекғалиев) кен орнын жайластырудың принципті технологиялық схемасы көрсетілген**

**8 Слайд**

| **Жыл** | Атмосфераға ЗВ шығарындыларының көздері | | |
|---|---|---|---|
| | барлығы | ұйымдастырылған | ұйымдастырылмаған |
| **2025 г** | 77 | 48 | 29 |
| **2026 г** | 77 | 48 | 29 |

| **Жыл** | Жалпы шығарындылар | |
|---|---|---|
| | г/с | т/жыл |
| **2025 жыл** | **175,1786245** | **1789,24885** |
| **2026 жыл** | **175,1786245** | **1789,24885** |

**Санитарлық-қорғау аймағы мөлшері Тепке Западный (Х. Өзбекғалиев) - 1000 метр.**

Жобада қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезіндегі іс-шаралар әзірленді, атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының таралуын есептеу жүргізілді, шығарындыларды бақылаудың жоспар-кестесі жасалды, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдердің есебі жүргізілді.

**9 Слайд**

**Батыс Тепке (Х. Өзбекғалиев) кен орны үшін 2025-2026 жылдарға арналған Қалдықтарды басқару бағдарламасы (түзету)**

| | |
|---|---|
| **Қалдықтарды жинақтау лимиттері** | **1881,1745 т** |

- Вахталық кентті пайдалану кезінде қалдықтарды жинақтау лимиттері
- Мұнай мен газ факторының дебитін өлшеу қондырғысын пайдалану кезінде қалдықтардың жинақталу лимиттері
- 2025-2026 жылдары көзделіп отырған қызметті іске асыру кезеңіне арналған қалдықтарды жинақтау лимиттері ("ТЗ-1, ТЗ-2, ТЗ-3, ТЗ-4, ТЗ-5 ұңғымаларының алаңдарын электрмен жабдықтау Х. Өзбекғалиев кен орнында)

10 Слайд

**Назарларыңызға рахмет!**